

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Көркем әдебиеттің бала тәрбиесіндегі маңызы.

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.10.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/145507/

Көркем әдебиеттің бала тәрбиесіндегі маңызы.

Танатарова Маншук Калиевна

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен, тәрбиешінің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты. Қазіргі таңда менің өзекжарды мәселем: «Бүлдіршіндерді балалар көркем әдебиетіне баули отырып, олардың рухани дүниетанымының дамуына жағдай жасау».

«Ауыз әдебиеті халықтың тек қана көркем өнері емес, әрі философиясы, әрі ғылымы әрі тәрбие құралы», — деп, Қажым Жұмалиев айтқандай, біздің ауыз әдебиетіміз бұл балалар көркем әдебиеті. Осы көркем әдебиетіміз тәрбие құралы ретінде таптырмас қазына.

Балалар көп, бос уақыттарын робототехникаларға, айкезбелер туралы мульттоптамаларға, жаңа технологияның қыр-сырларын білуге арнайтын болды. Жалпы қазіргі таңда ата – аналар бүлдіршіндеріне балалар көркем әдебиетінің шығармаларын оқиды ма? Ақпараттанған заманда көркем әдебиет пен кітапхана серелеріндегі қаламгерлердің баспаларының орнын ғаламтор мен әлеуметтік желілер басқан жоқ па? Ата-ана өз баласының бос уақытын қадағалай ма? Бос уақытында ата-ана баланың ертегілерді тыңдауына жағдай жасай ма? Жалпы кітап қазіргі құндылықтар катарында ма? Сәнді неше түрлі роботтар мен техниканың озық үлгілерін баласынан аямайтын ата-ана бүгінгі таңда баласына ертегі кітапты сыйлық ретінде тарту ете ме? Әрине, ондай ата – аналар саны азайып кетті. Сол ертегінің балаларға беретін тәрбиелік мәні ұшан-теңіз.

Балалар көркем әдебиетінің ішіндегі бүлдіршіндер ұйып тындайтын, онсыз ұйқыға кетпейтін халқымыздың асыл қазынасының бірі – ертегілер. Тәрбиенің басты құралы болып табылатын ертегілерді меңгертудегі тиімді тәсілдер қазіргі таңда ақпараттық – коммуникативтік технологиялармен, деңгейлік тапсырмалар қолдану,

Венн диаграммасы, топпен жұмыс жасау (ертегілер бойынша тапсырмалар), жұптық тапсырмалар орындату тағы да басқа әдістермен жүзеге асырылуда. Мектепке дейінгі бүлдіршіннің жас ерекшелігімен ертегінің жанрлық ерекшеліктері де басты назарға алынады. Сонымен қатар, атап өтер бір жайт ертегіні жеткізудегі әдіс – тәсілдердің сан алуандығы тәрбиешінің шеберлігіне байланысты колданысқа ие болады және толығып отырады. Заман талабына сәйкес өзгерістермен сипатталады. Бүлдіршіндерге электронды оқулықтан ертегі қалай басталатынын аңғартып, ертекшінің баяндауын тыңдатып, сонан соң ертегі туралы сұрасақ, балалар әр бөлімнің қысқаша мазмұнын айтады. Ертегідегі тамаша көркем тілдің байлығы, сұлу, тапқыр сөз шеберліктері бүлдіршіндерге үлкен үлгі болады. Ертегіні тәрбиеші кейіпкердің даусын салып, жүріс тұрысын көрсетіп немесе көлемді, түрлі түсті, бүлдіршіндерді қызықтыратындай суреттерін көрсетіп баяндасақ балалар ертегіні тез әрі оңай меңгеріп алады.

Ертегі ертекшімен ертегі болады. Әрбір жеке ертекші өзінше, өзгеден бөлекше тіл, түсінік, көркемдік өрнек, накышпен айтады дейді. Бұндағы даусыз бір шындық – ертегінің ішіне анық шебер ертекші өзінен өрнек, өзгешелік қосып отыратыны рас. Ертегіні баяндағанда тәрбиеші ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекеттерін ойыншық арқылы көрсетіп отырса бүлдіршіндердің балалар көркем әдебиетіне деген қызығушылығы артары сөзсіз. Балалар тек ертегіні тыңдап қана қоймайды сонымен қатар, тілдері дамиды, қарым-катынастары да жақсы дами түседі.

Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор. Ол балаларға рухани ләззат беріп, адамгершілік өзін – өзі бағалау сапаларын дамытады. Сонымен бірге ертегінің тағы да бір пайдалы әсері кейіпкерлер арқылы бала жаман – жақсы қылықтарды ажырата алады және қандай қасиеттердің жағымдылығын ойына түйеді. Бала бойына адалдықты, мейірімділікті, имандылықты да дарытатын — ертегі.

«Балалар көркем әдебиетінің қызықты да пайдалы түрлерінің бірі — жаңылтпаш. Жаңылтпаш балаларға жастайынан ана тілінің бай қорын игеруге, таза, майда, анық әуенді, көркем сөйлеуге көмектеседі, сөзді қастерлеуге тәрбиелейді», — деп тұжырымдайды ғалым С. Ұзақбаева.

Балаларға арналған шығармалардың тілі, ең алдымен, өзінің ана тілін жетік білуге, сөздік қорын байытуға, жүйелі түрде қисынды сөйлеуге баулитын құрал болуға тиісті. Балаларға арналған өлеңдер ойнақы, тілі қызықты да қарапайым болуы шарт.

Жұмбақ — бейнелігімен, қысқалығымен, ойнақылығымен ерекшеленетін белгілі бір поэтикалық пішінге негізделген асыл мұра. Жұмбақ әдемі ұйқасы, құрылысы жағынан аз сөзбен көп нәрсені қамтитындығы, баланын ой-өрісі мен арман-қиялын шындаумен қатар, оған эстетикалық тәрбие беріп, көркем сөз табиғатына үйретеді. Ауыз әдебиеті жанрлары сияқты мақал-мәтелде халық даналық ойларын балаларға арнады. Мысалы, «Бала — бауыр еті, көздің нұры» деп босқа айтпаған. Халықтың бұл тәріздес мақалдары жас ұрпаққа арналған үгіт, ақыл-өсиет болып отырады.

Баланы тәрбиелеудегі негізгі мақсат оны алдымен білімге, өнерге баулу, еңбек үдерісімен таныстырып, еңбек етуге үйретуді көздейді. «Жан киналмай жұмыс бітпес, талап кылмай мұратқа жетпес» деп қай нәрсенін де еңбексіз қолға түспейтінін балаға ой салып, өмір танытады

Бала ұғымын, түсінігін кеңейтуде, оның тілін, ойын дамытуда, оларды үлгілі істерге тәрбиелеуде санамақтар да маңызды рөл атқарады. Санамақтар құпиясы баланы әрқашан қызықтырып, ілгері жетелейді. Санамақтар баланы әдемі сөйлеуге дағдыландырса, жаттау қабілеттерін, танымдық ой-өрісін дамытады. Санамақ тәртібін бұзбай айту балаларды аңғарымпаздық қасиетке баулиды.

Қорыта айтқанда, баланың тілінің дамуы барысында ертегінің, санамақтың, жұмбақ пен мақал- мәтелдердің әсерінің қаншалықты маңызды екендігін байқадық. Балаларға лайықталған балалар көркем әдебиетінің түрлері олардың ой-өрісінің кеңеюіне, бірте-бірте заттар мен құбылыстарды тануына, тіл ұстартуына өлшеусіз әсер етеді. «Сөз- ойдың айнасы» деп Ғабиден Мұстафин айтқандай бүлдіршіндерге балалар көркем әдебиетін меңгертуде, оқу қызметін шығармашылықпен жүргізіп, баланың бойына адамгершілік қасиеттерді дарытайық. Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда тілді дамытып оқытуды «өне бойы, өмір серік»- етіп алғанымыз жөн.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.